

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТИ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТИ КАФЕДРАСЫ

Факультеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде

БЕКІТІЛДІ

Факультет деканы

_____ Б.Б. Мейірбаев

DNOSIS7301 «РУХАНИ- АДАМГЕРШЛІК БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ
ТАНУ:ТАРИХТАН ҚАЗІРГІ ДЕЙІН» ПӘНІНЕН ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН
БАҒДАРЛАМАСЫ

Мамандық: 8D01801-«ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ»

1 курс, 5 кредит, көктемгі 1 семестр

Алматы, 2022

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын дайындаған Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы п.ғ.к., Аринова Б.А.

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

«_____» _____ 2022 ж., хаттама № _____

Кафедра меңгерушісі

_____ Әлқожаева Н.С.

Пәннің мақсаты: Болашақ педагог мамандарға «Өзін-өзі тану» рухани- адамгершілік білім беру бағдарламасының қалыптасу және даму кезеңдері туралы тарихи тұрғыда түсінік беру; пәнді оқытудың әдіснамалық, теориялық мәселелерін талдау; олардың бойында ізгілікті білімдер және практикалық іскерліктердің тиімді жүйесін қалыптастыру

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – *жазбаша (offline)*.

Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және МӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Офлайн оқыту кезіндегі **жазбаша** емтиханның міндеті - оқу жетістіктерін меңгеруге жоспарланған білімдері мен дағдыларын бағалау болып табылады. Офлайн сұрақтарды әзірлеу критериялды-бағдарлы тұрғысынан қарастырылады.

Сұрақтарды құруда мазмұнды іріктеу кезінде басшылыққа алынатын принциптер: материалдың теориялық маңыздылығы; ғылыми нақтылық; сұрақтың мазмұнының пән бойынша білімдерге, деңгейіне сәйкестігі; репрезентативтілік (бақылау үшін мазмұн элементтерінің толықтығы мен жеткіліктілігі); **ауызша** емтиханның тапсырмалары мазмұнының білім жүйелілігі талаптарына сәйкестігі; кешенділік және теңгерімділік (негізгі тақырыптардың кешенді көрінісі және негізгі теориялық материалдар мен практикалық іс-әрекет әдістерінің теңдестірілген көрінісі);

Емтихан өткізу ерекшеліктері: емтихан барысында магистрант емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәйкес, ауызша жауап береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейнекамералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында **offline** режимінде өтеді, сондай-ақ емтихан жұмыстарын шифрлау және дешифрлау арқылы жүргізіледі.

Оқыту нәтижелері:

Курсты оқу нәтижесі бойынша студент қабілетті болады:

- Қазақстан Республикасындағы рухани-адамгершілік білім беру мәселесінің тарихи аспектілерін білу;
- Руханилық және адамгершілік мәселесінің шетелдік зерттеулерде мазмұндық-құрылымдық талдануы туралы түсінік бере алу;
- Қазақ дүниетанымындағы руханилық пен адамгершілік идеяларының тарихи генезисін түсіндіре алуы;
- «Өзін-өзі тану» пәнінің білім беру бағдарламаларының мазмұндық- құрылымын талдау;
- «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімінің педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті туралы теориялық түсінік қалыптастыру; болашақ мамандарды дайындаудың гуманистік бағыттарын айқындау;
- «Өзін өзі тану» мұғалімінің кәсіби сапаларының дамуындағы рухани-адамгершілік құндылықтарды талдау;
- Пән бойынша орындалатын жазба жұмыстарының әдістемелік талаптарын меңгеруі; өздік жұмыстарды орындауда эссе, баяндама, шығарма, реферат жоспарлап жаза білуі.

Емтиханды өткізу формасы:

СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: АУЫЗША.

Емтиханның ұзақтығы *2сағатты* құрайды.

Ауызша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша ауызша жауап қалыптастыру қажет. Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді. Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

Бірінші блокқа оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл магистранттардың оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

Екінші блокқа ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл докторанттардың зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

Үшінші блокқа ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда докторанттардың пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу қабілеттері бағаланады.

Тапсыру күні мен уақыты: емтихан сессиясының кестесіне сәйкес болады

Емтихан уақыты: 2 сағат

Пән бойынша қорытынды емтихан 15 апталық оқытудан кейін жүргізіледі.

Емтихан түрі – **ауызша**.

Жұмысты тексеру: Емтихан үшін аттестаттау ведомосына балл қою уақыты -72 сағатқа дейін. Жазылған емтихан нәтижелері 100-баллды жүйеде **Univer жүйесінде** бағаланады.

Дайындалуға арналған тақырыптар:

1 тақырып. «Рухани- адамгершілік білім беру және өзін- өзі тану: тарихтан қазіргі дейін» пәнінің құрылымдық-мазмұндық жүйесі. «Рухани- адамгершілік білім беру және өзін-өзі тану:тарихтан қазіргі дейін» пәнінің мақсаты мен міндеттері және оқыту әдістемесі

2- тақырып. Қазақстан Республикасындағы рухани-адамгершілік білім беру мәселесі: тарихи аспект. ҚР білім беру ұйымдарындағы РАББ идеялық ұстанымдары.

3-тақырып. Өзін өзі тану - үдеріс ретінде. Өзін-өзі танудың қоғамдық -әлеуметтік мәні: даму және қалыптасу заңдылықтары. Рухани адамгершілік білім беру және өзін өзі тану мәселесінің тарихи аспектілері әдістемелік тұрғылары : салыстырмалы аспект

4-тақырып. Өзін-өзі тану бағдарламасының теориялық- әдіснамалық негіздері. «Бөбек» ҰҒПББСО қор ретінде құрылу тарихы

5-тақырып Өзін-өзі танудың философиялық негіздері.Қайта өрлеу дәуіріндегі адамгершілік идеяларының дамуы. Орта ғасырлардағы өзін- өзі тану мәселелері

6-тақырып Қазақ дүниетанымындағы руханилық пен адамгершілік идеялары. Әл Фарабидің қайырымдылық пен ізгілік қағидалары.

7-тақырып. Кеңестік дәуірдегі адамгершілік білім беру мен тәрбие мәселесі. Кеңестік педагогикадағы руханилық сипаты

8-тақырып. Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы адамгершілік білім беру идеялары.«Рухани жаңғыру» және адамгершілік пен ізгілік педагогикасы

9-тақырып. Жалпы білім беретін мектептерде рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының ғылыми-әдістемелік жүйесі. Рухани-адамгершілік білім беру және өзін-өзі тану идеяларының тарихи даму кезеңдері

10-тақырып Тұлғаның оқу тәрбие үдерісінде өзін- өзі тануын дамыту. Өзін-өзі тану пәні негізінде адамгершілікке тәрбиелеу жолдары

11-тақырып. Жоғары оқу орындарындағы рухани-адамгершілік білім беру. РАББ кәсіби мамандарды дайындаудағы жоғары мектептің рөлі

12-тақырып. Болашақ маманның тұлғалық қалыптасуындағы өзін өзі тану. Өзін-өзі тану пәні негізінде болашақ мұғалімдерді дайындау.

13-тақырып. «Өзін-өзі тану» пәнінің құрылымдық–мазмұндық ерекшеліктері. Жоғары мектептегі РАББ мазмұны

14-тақырып. «Өзін-өзі тану» пәнінің құрылымдық–мазмұндық ерекшеліктері. Рухани-адамгершілік білім беру және өзін-өзі тану идеяларының жаңартылған білім мазмұнындағы әдістемелік әлеуеті

15- тақырып «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім бағдарламасындағы мұғалімнің рөлі. ЖОО «Өзін- өзі тану» пәнінің мұғалімдерін кәсіби даярлаудың педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік-қоғамдық мәні

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мұқажанова Р.А,ОмароваГ.А.Өзін-өзі тану пәнін оқыту әдістемесі. Мұғалімдер үшін оқу-әдістемелік құрал – Алматы:ҰҒПББСО «Бөбек»,2016. – 128 б.
2. «Өмір әдебі» курсы (Адамгершілік әліппесі – 1-4 сын.; Адамгершілік грамматикасы – 5-9 сын.; Ар-ұждан ілімі – 10-11 сын.). Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. / Рысбаева А.К., Ходжамуратова С.Г., Габбасова Б./– Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2014. – 160 б.
3. Әрінова Б.А. «Өзін өзі тану» пәнін оқыту әдістемесі. Алматы: Қазақ университеті, 2018.-172 б.
4. Рысбаева А.Қ, Жұмабекова Ф.Н., Омарбекова А.И. Өзін-өзі тану. Оқулық. Фолиант. Астана. 2019. – 326 б
5. Тренерлер үшін нұсқаулық. Мұғалімдер үшін оқу- әдістемелік құрал. ҰҒПББСО «Бөбек» 2015.-96 б.
6. От неразумия к разумию через самопознание самосовершенствование: кол. монография, отв.ред. В.И.Иванов[Серия: Библиотека актуальной философии].Вып.11.-Красноярск: «ЛИТЕРА-принт, 2011.-236 стр
7. Пірәлиев С.Ж.,Әрінова Б.А.,Нұрғалиева Д.А.«Өзін-өзі тану». ЖОО студенттеріне арналған хрестоматия.Алматы:ИП «Уатханов А. Ф», 2012.-156

Емтиханға дайындығын бағалау, оқыту нәтижесі: Баға қою өлшемдері.

Балл	Жауап мазмұны
95-100 (А)	1.Емтихан сұрақтарына берілген жауап теориялық тұрғыдан нақты, толық жазылған.
90-94 (А-)	2. Жауаптың мазмұны өзін-өзі тану туралы дұрыс мәлімет береді, практикалық ерекшеліктері сипатталған және толық шешілген.
Өте жақсы	

	<p>3.1-2 блок жауаптары теориялық материалдарды жақсы игергендігін білдіреді.</p> <p>4. Шығармашылық жұмыста қабілеттілігі көрінеді.</p>
<p>85-89 (B+)</p> <p>80-84 (B)</p> <p>75-79 (B-)</p> <p>70-74 (C+)</p> <p>Жақсы</p>	<p>1. Емтихан сұрақтарына берілген жауап тақырыптың мазмұнына қойылатын талаптарға сай келеді.</p> <p>2. Мазмұнында ашылмай қалған аспектілер бар.</p> <p>3. Практикалық ерекшеліктері толық сипатталмаған.</p> <p>4.1-2 блок жауаптары теориялық материалды 80% игергендігін көрсетеді .</p>
<p>65-69 (C)</p> <p>60-64 (C-)</p> <p>55-59 (D+)</p> <p>50-54 (D)</p> <p>Қанағаттанарлық</p>	<p>1. Жұмыс орындалған, бірақ мазмұны толық ашылмаған.</p> <p>2. Практикалық ерекшеліктері сипатталмаған.</p> <p>3. Жауаптары қысқа, қосымша жүйелілікті, ақпараттың қисындылығын талап етеді.</p>
<p>25-49 (FX)</p> <p>0-24 (F)</p> <p>Қанағаттанарлықсыз</p>	<p>1. Емтихан сұрақтары бағдарламаға сәйкес емес. Жұмыс мүлде орындалмаған, теориялық қателер кездеседі.</p> <p>2. Практикалық жауап мүлде жоқ.</p> <p>3. Жауапта грамматикалық, терминологиялық қателер бар, логикалық жүйелілік бұзылған.</p>